

Ақмола облысы білім басқармасының Қосшы қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы
Қосшы қаласының ЖШС «Жансая 2018» «Нұрасыл» балабақшасының
кезектен тыс педагогикалық кеңесінің
№ 1 хаттамасы

20.02.2026 ж.

Қатысушылар: 6 адам

Күн тәртібінде:

1. ЖШС «Жансая 2018» өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттары мен әдістемелік ұсыныммен таныстыру.
2. ЖШС «Жансая 2018» мемлекеттік аттестаттауға дайындық бойынша жұмыс жоспарын бекіту.
3. Балабақшада өзін-өзі бағалаудан өткізу комиссиясын құру.

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Бейсенбаева М.Ш. мемлекеттік аттестаттау кестесі мен білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарымен, мемлекеттік аттестаттау туралы ережемен таныстырды.

Ақмола облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысының 2026 жылдың 6 ақпанындағы №17-11-01-08/73 бұйрығына сәйкес 2026 жылы мамыр айында балабақша мемлекеттік аттестаттау өтетінін хабарлап, балабақшаның өзін-өзі бағалаудан өткізу бойынша жұмыс жоспарымен таныстырды. Балабақшада мемлекеттік аттестаттау профилактикалық бақылау арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік аттестаттау мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру жұмысын бағалайды. Мемлекеттік аттестаттау деректерді талдау, зерделеу және салыстыру арқылы жүргізілетінін атап көрсетті.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына қосымша өзін-өзі бағалауды жүргізуге жауапты комиссия мүшелерін анықтады.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 ж. 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақша өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілсін.
2. Өзін-өзі бағалау жүзеге асыруды келесі құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрайымы: Бейсенбаева Мадина Шакановна – меңгеруші

Комиссия мүшелері: тәрбиеші – Сыдықбек Жансая Мұхтарқызы
медбике- Сексембаева Жаннат Уркумбаевна



Төрайымы: Бейсенбаева М.Ш.
Хатшы: Азірет Н.